






Н.Н. Абдығалиева<sup>1</sup> , Г.Н. Смағұлова<sup>2</sup> , А. Иргатоғлу<sup>3</sup>   
<sup>1,2</sup> *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*  
<sup>3</sup> *Қажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия*  
(e-mail: <sup>1</sup>myworld.kzt@mail.ru, <sup>2</sup>smagulova.g@mail.ru, <sup>3</sup>aydan.irgatoglu@hbv.edu.tr)

### Қазақ-ағылшын тілдеріндегі сөйлеу этикетінің этно-лингвомәдени ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлеу этикетінің лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауға арналған. Сөйлеу этикетін – сөйлеу актісінде, қажет болған жағдайда коммуникацияда қолданылатын стереотиптік тіл формулалары құрайды. Зерттеудің мақсаты – қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлеу этикеті формулаларының этно-лингвомәдени ерекшеліктерін анықтау. Аталмыш мақсатты жүзеге асыру үшін қазақ және ағылшын тілдеріндегі этикеттік бірліктер, яғни сәлемдесу, қоштасу, амандасу, көңіл айту, құттықтау мен тілек, өтініш білдіру үлгілері қолданылу сипатына, этно-лингвомәдениеттанымдық сипатына сай іріктеп алынып, салыстырмалы түрде талданды. Зерттеу барысында қолданылған ұтымды әдіс-тәсілдер негізінде қазақ тіліндегі сәлемдесу мен амандасу үлгілерінің этникалық таным-түсінікке негізделгені дәлелденді. Сондай-ақ қазақтың сәлемдесуінде бір ғана диалогтық репликаның бірнеше сөйлемдерден құралатыны айқындалды. Бұл ұлттық этноментальді ерекшелікті көрсетеді. Ағылшын этикетіндегі сәлемдесу үлгісі ұлттың этномәдени ерекшелігіне сәйкес қысқа, ықшамдалған, әрі сұраулы сөйлемдер жиі ұшырасады. Екі тілдің сөйлеу этикетінде қоштасу үлгілері жиі қолданылатыны және олардың орны тұрақты әрі түрлері көп екені анықталды. Ағылшын этикетіндегі қоштасу үлгілерінің тақырыптық тобы анықталып, жүйеленді. Құттықтау мен өтініш айту үлгілеріндегі ерекшеліктер талданып, ағылшын этикетіндегі сыпайылық деңгейінің түрлері нақты мысалдар негізінде талданды. Зерттеудің теориялық маңызы - зерттеу салыстырмалы лингвомәдениеттанудың, мәдениетаралық коммуникация теориясының және лингвопрагматиканың дамуына, «мінез-құлықтың этикеттік моделі» ұғымын нақтылау мен сипаттауға ықпал етеді.  
**Түйін сөздер:** тіл мәдениеті, сөйлеу этикеті, қазақ тілі, ағылшын тілі, қарым-қатынас.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-8-21>

Түсті: 24.11.2024; Жөнделді: 28.11.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

<sup>1</sup>Хат-хабар үшін автор

## Кіріспе

Қарым-қатынастағы сыпайылықтың нақты көрінісі, оның объективтілігі – сөйлеу этикеті. Сөйлеу этикеті этикалық нормаларды сақтай отырып, тұлғааралық қарым-қатынасты өрбіту құралы болып табылады. Сыпайылықтың этикеттік ережелері әңгімелесушілердің пікірлерін жақындастыруға, қарым-қатынас процесінде адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттесуін реттеуге арналған. Сөйлеу этикеті – бұл қажет болған жағдайда коммуникацияда қолданылатын стереотиптік тіл формулалары.

Сөйлеу этикеті – сөйлеу мінез-құлқы ережелерінің жүйесі, белгілі бір жағдайларда тіл құралдарын қолдану нормалары саналады. Ол адамның қоғамдағы табысты қызметінде, оның жеке және кәсіби өсуінде, берік отбасылық және достық қарым-қатынас орнатуында маңызды рөл атқарады. Қарым-қатынастың мәдени дағдыларын сәтті игеру үшін «сөйлеу этикетінің формулалары» деп аталатын ұғым қолданылады. Кез келген қарым-қатынас нақты кезеңдерді қамтиды. Мысалы: әңгімені бастау (сәлемдесу / танысу); негізгі бөлім, әңгіме (назар аудару); әңгіменің соңғы бөлігі (қоштасу). Бұл формула түрлі жағдаяттарда жылы, сыпайы қарым-қатынас бірліктерінің функционалды-семантикалық өрісін құрып қана қоймай, жалпы этикеттің семиотикалық және әлеуметтік тұжырымдамасымен байланыста қызмет атқарады.

Сөйлеу этикеті мінез-құлық пен қарым-қатынас нормаларын сақтауды қамтиды. Сөйлеу этикетінің астарында сөйлеу мінез-құлқының дамыған ережелері, қарым-қатынастың сөйлеу формулаларының жүйесі ұсынылған. Сөйлеу этикетін сақтаған адам сенім мен құрметке ие болады. Сөйлеу этикетінің нормаларын меңгеру және оларды сақтау адамға сенімділік сыйлайды, ол адам кішігірім түсініксіз әрекеттерге байланысты өзін ыңғайсыз сезінбейді, басқалардың өзін келемеждеуінен сақ болады.

Сөйлеу этикетінде белгілі бір конструкциялар бар, мысалы, өтініш білдіру конструкциялары. Олар коммуникациядағы сыпайылық деңгейіне қарай бағытталған, бұл өз кезегінде серіктестердің өзара әрекеттесуін реттейді. Жағдаятқа байланысты өтініштердің құрылымы таңдалады: ресми және бейресми әңгімеде, бейтарап әңгімеде, таныс және бейтаныс адамдармен әңгімелесуде және т.б. Бұл ретте жағдаятқа байланысты қарым-қатынас түрін таңдау да басты міндет болып саналады, ол өз кезегінде адамның мәдениеті мен сөйлеу этикетін меңгеру деңгейін көрсетеді.

Қазақ халқының дәстүрлі этикетінің негізінде исламға дейінгі наным-сенімдерден туындаған заңдар мен қағидаттар жатыр. Қарым-қатынас әдебінің қалыптасуына халық арасында тараған мінез-құлықтың моральдық құндылықтары үлкен әсерін тигізген. Бұл құндылықтар ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып, бүгінгі таңда да қазақтардың отбасылық және қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарып, күнделікті мінез-құлқына, өзін-өзі ұстауына бағыт береді [1, 16].

Белгілі ғалым Н.И. Формановскаяның тұжырымына сүйенсек, сөйлеу мінез-құлқы ережелерінің «Сен» немесе «Сіз» секілді қарым-қатынас формаларын таңдауға мүмкіндік беретін ұлттық және әлеуметтік бекітілген қарым-қатынас стереотиптері – сөйлеу этикетімен байланысты болмақ. Ол ең қолайлы стереотипті таңдаудың сөйлеуші және оның серіктесінің әлеуметтік мәртебесіне, қоғамдағы рөліне, ресми немесе бейресми қарым-қатынасына, коммуниканттардың жеке қатынастарына және басқа да факторларға сәйкес келетінін ескереді [2, 50]. Сөйлеу этикеті сөйлеуде, бүкіл қарым-қатынас мәтінінде көрінеді, сондай-ақ, әңгімелесушімен байланыс орнатуда, осы байланысты сақтауда маңызды рөл атқарады. Бұл күнделікті жағдайларда, қарым-қатынастың бастапқы кезеңдерінде жиі көрінеді. Расында, әңгімені бастамас бұрын сұхбаттасушыны өзіне қарату, онымен сәлемдесу, керек кезде алғыс білдіріп, қажет болса кешірім сұрауы керек болады.

## Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде қазақ және ағылшын тіліндегі ресми және бейресми мәтіндердегі сәлемдесу, қоштасу, назар аударту т.б. сөйлеу этикеті үлгілері жинақталды.

Жиналған мәтіндердің жалпы саны – 50. Аталған зерттеу жұмысына жиналған мәтіндердің ішінде қазақ және ағылшын тілдерінің этномәдени ерекшеліктері айқын танылатын этикет үлгілерінің кейбірі талданды. Зерттеу жұмысында тұжырымдамалық талдау әдісі, интерпретациялық талдау, интроспекция әдістері қолданылды.

Тұжырымдамалық талдау әдісі арқылы зерттеу жұмысында берілген 1, 2, 3-кестелердегі сәлемдесу және қоштасуды білдіретін қазақ және ағылшын тілдеріндегі этикеттік бірліктер жіктелді. Олардың қолданыстағы түрлі формалары мен нұсқалары, бейресми, күнделікті қолданыстағы түрлерінің стилистикалық ерекшеліктері нақты мысалдармен берілді.

Интерпретациялық талдау әдісі негізінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлеу этикеті үлгілерінің жұмсалу жүйесі, мән-мағыналық сипаты ашылды. Интроспекция әдісімен екі тілдегі сөйлеу этикеті үлгілерінің адам іс-әрекетіне қатынасы мен сезімдеріне сай қолданылуы, ойлау әрекеттеріне сай жүзеге асырылуы қарастырылды. 4-5-кестелердегі құттықтау, бата, тілек, көңіл айту секілді этикеттік бірліктердің қазақ және ағылшын тіліндегі нұсқалары олардың адам танымына, ұлтқа тән салтқа байланысына сай сараланды.

### Әдебиеттерге шолу

Қазақ сөз этикетінің кейбір тұстарын Қазан төңкерісіне дейін В.В. Радлов [3], А.Н. Самойлович [4] тәрізді көрнекті шығыстанушылар этнография тұрғысынан қарастырады. Бұл күнде қазақ сөз этикетін түрлі аспектіде, барлық саладағы ғылымның бір-бірімен жанасатын тұстарында қарауға көңіл бөлініп келеді. Мәселен, сөз этикетін тіл мәдениетімен байланыстырып, оның ұлттық ерекшеліктерін, этномәдени негізін айқындауға бағытталған зерттеулер ұшырасады. Бұл орайда қазақ тілі мен мәдениетінің терең негіздеріне қатысты ғалымдардың елеулі еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Мысалы, профессор М. Балақаевтың [5] қазақ тілі мәдениеті туралы жүргізген зерттеулері тілді қолдану мен қарым-қатынас әдебінің маңызды қырларын ашып көрсетеді. Сонымен қатар, академик Р. Сыздықтың [6] сөз мәдениеті жөніндегі жұмыстары қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениетінің жоғарғы деңгейдегі талаптарына жауап береді. Ғалым Н. Уәлиевтің [7] сөз әдебі мен этикет сөздерді дұрыс қолдану жайындағы мақалалары, сондай-ақ, қазақ тіліндегі этикет сөздерінің маңызы мен олардың қоғамдық қарым-қатынастағы рөлін түсінуге бағытталған. Бұл еңбектерде қазақ тілінің этикеттік құрылымы мен тілдік нормаларының қоғамдағы алатын орны туралы кеңінен сөз болады, олар қазақ халқының мәдениетін, тілі мен дәстүрлерін сақтап, әрі қарай дамыту үшін қажетті ғылыми негіздерді ұсынады.

Қазақ халқының этикетіне тән негізгі ерекшеліктерге қонақжайлылық, үлкендер мен ата-аналарға деген құрмет, балаларға махаббат, төзімділік, қарапайымдылық, сыпайылық, адалдық, шынайылық, сондай-ақ абырой, борыш, жауапкершілік, достық сынды құндылықтар жатады. Отбасылық қатынастарға қатысты айтқанда, олар көбінесе жоғарыда аталған моральдық нормалармен, дәстүрлермен және отбасылық ережелермен реттеледі. Әсіресе, аға буын өкілдері бар отбасыларда немесе қазақ этносының тығыз қоныстанған аймақтарында бұл дәстүрлер берік әрі тұрақты сақталады [8, 28].

Ағылшын тілі – халықаралық қатынастарда кеңінен қолданылатын тіл. Ұлт тілін білумен қатар, сол елдің мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрлері мен дүниетанымы да терең түсініледі. Ағылшын қоғамы дәстүрлерін қатаң сақтайтынын байқап көруге болады. Этикет ережелері мен нормаларын олар өте жақсы ұстанады.

Ағылшын этикеті дегеніміз – ресми әрі қатаң мінез-құлық үлгісінің үйлесімі, ол сыпайылық, әдептілік, сабырлылық және шыдамдылық секілді қасиеттерге негізделеді [9, 70].

Ағылшын халқының этикеттік формаларын, соның ішінде сәлемдесу этикеттік бірліктерін Дж. Серль [10] экспрессивті тілдік акт ретінде қарастырады. Аталмыш зерттеушілер ағылшын тіліндегі сәлемдесу мен қоштасудың сыпайылық формасын тілдік актінің бастамасы ретінде қарастыра отырып, оны тұлғаның тәрбиелік деңгейінің көрсеткіші ретінде атап өтеді. Г. Пальмер [11] ағылшын мәдениетінде сәлемдесу мен қоштасудың

дауыс ырғағы негізіндегі төрт формасын көрсеткен. Сондай-ақ ағылшындықтардың сөз мәдениеті мен сөйлеу этикетін дауыс ырғағы мен бейвербалды әрекеттерді коннотативті мағынасы ретінде зерттеу, ағылшын қоғамындағы сөз мәдениетінің толық әрі нақты айқындалған аспектілерін терең қарастыру жұмыстары жүргізілген.

Ағылшын халқының этикеті қазақ халқымен ұқсас түрде үлкенге деген құрмет және ізгілікпен ерекшеленеді. Қонақжайлылық пен іскерлік кездесулердегі этикет те белгілі бір ережелерге негізделген. Ағылшындар үшін ең маңызды нәрсе – бәрін уақытында орындау, кешіктірмей істегенді қастерлейді. Олар кездесулерге дәл уақытында келуді үлкен құрмет пен сыпайылықтың белгісі ретінде санайды. Қазақ және ағылшын тілдерінде, басқа тілдер сияқты, өзіндік этикет нормалары мен ережелері бар, бірақ олардың арасында ортақ ұқсастықтар да кездеседі.

### Талқылау және нәтижелер

Әртүрлі ортада, ұжымдарда, мәдени-көпшілік орындарында және басқа да жерлерде адамдардың өзара қарым-қатынас жасау тәсілдері өте көп және сан алуан. Оларды толыққанды тізіп шығу мүмкін емес. Күнделікті өмірде жиі қайталанып отыратын, стереотипке айналған әрекеттердің дағдыға айналып, қалыпты жағдайға айналатынын ескерсек, оларды белгілі бір топтарға бөлуге болады: сәлемдесу, қоштасу, танысу, кешірім сұрау, жұбату, көңіл айту, құттықтау, тілек айту, бата беру, ризашылық білдіру, өтініш жасау және ақыл айту.

Біз өз мақаламызда қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлеу этикетінің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау мақсатында сәлемдесу, қоштасу, құттықтау мен тілек; өтініш білдіру, көңіл айту үлгілерін қарастырамыз.

*Сәлемдесу* күнделікті қарым-қатынаста өте маңызды рөл атқарады. Танысу мен әңгімелесу де сәлемдесуден басталады. Сәлемдесу арқылы біз таныстарымызбен әрі қарай қарым-қатынасымызды нығайтамыз. Сондықтан да халық даналығында «Сөз анасы – сәлем» деп айтылады. Әлем халықтарының барлығы сәлемдесуге ерекше мән береді. Сәлемдесу формалары нақты жағдай мен қарым-қатынас түріне байланысты өзгереді: ресми және бейресми, бастық пен бағынышты, үлкен мен кіші, ер адам мен әйел адам арасында.

Қазақ және ағылшын тіліндегі сәлемдесу үлгілерінің кең таралған түрі төмендегідей:

### 1-кесте. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сәлемдесу үлгілері

Қазақ тілі	Ағылшын тілі
Сәлем!	Hello! Hi! Hey! Hello there! Cheerio!
Сәлеметсіз бе! Сәлеметсің бе! Сәлемет пе! Сәлем бердік! Амансыз ба? Аман-есенсіз бе? Армысың! Армысыз! Ар ма? Мал-жан аман ба? Ат-көлік аман ба? Ел-жұртың, ауыл-аймағың, бау-шарбағың, бота-тайлағың бәрі аман ба?	How do you do?
Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш! Кеш жарық!	Good morning Good afternoon! Good evening!
Ассалаумағалейкүм!	

Ағылшын тілінде, қазақ тіліндегі «Сен» және «Сіз» формаларының арасында ресми айырмашылық жоқ. Бұл формаларды ағылшын тілінде бір ғана *you* есімдігі білдіреді. Сіз есімдігіне сәйкес келетін *thou* есімдігі XVII ғасырда қолданыстан шыққан, қазіргі кезде оны тек көркем шығармадан кездестіруге болады. Қарым-қатынастың барлық түрі – дауыс интонациясы, сәйкес сөздер мен құрылымдар, т.б. тілдік құралдар арқылы беріледі [12, 413]. Мысалы:

«Hey! What`s the time?  
What time is it, John».

Амандасу барысында сұрау түрінде айтылғанымен, сұраулық мәні болмайды, сондықтан сұраққа жауап күтілмейді. Мысалы: «Өздеріңіз аман-есенсіздер ме?» немесе «Туыстар мен құда-жегжат аман ба?» деген сәлемдесу сөздері жиі қолданылады.

Стилистикалық қарым-қатынаста бейтарап сөздер ретінде қазақ тіліндегі *Сәлеметсің (-сіз) бе!*, ағылшын тіліндегі *How do you do?* есептеледі. Бұл сәлемдесу сөздерімен көбіне «Сізді (сені) көргеніме қуанып тұрмын», «Glad to see you!» тіркестері бірге айтылады.

Қазақ тілінде «Ассалаумағалейкүм» және оның жауабы ретінде «Уағалейкүмассалам» деп көбінесе орта және егде жастағы ер адамдар қолданады. Сонымен қатар «Малжан аман ба?» тіркесі де кеңінен тараған. Бұлар қазақ этносына тән дәстүрлі сипаттағы этикеттік бірліктер. Мұндай этикеттік бірліктер өзінің этно-лингвомәдени сипатымен ерекшеленеді. Себебі ертедегі қазақтардың күнкөрісі малмен тығыз байланысты болған, олар үшін малдың амандығы, оның көбеюі маңызды рөл атқарған. Егер малы мен үй-іші аман болса, адамның да жағдайы жақсы деп түсінген. Амандасудағы бұл этикет үлгісі қазақтың ұлттық таным-түсінігіне негізделген және лингвомәдениеттанымдық аспектіде құрылған. Сонымен қатар бір ғана диалогтық репликаның өзі бірнеше сөйлемдерді қамтиды. Осыған сәйкес амандасу барысында барлық туған-туыстың, жақын-жұрағаттың амандығын сұрау – ұлт тілінің этномәдени ерекшелігін аңғартады.

Ал ағылшындар сәлемдесу барысында осыған ұқсас «*Make money?*» тіркесін қолданады, себебі олар үшін экономикалық жағдай маңызды, олар өз жағдайларын кәсіппен байланыстырады [13, 75]. Мұнда да ағылшын этносына тән этикеттік бірліктің этно-лингвомәдени мәнді артып тұрғанын байқай аламыз. Этикеттік бірліктердің пайда болуы мен қолданылуы сол ұлттың этникалық және мәдени ерекшеліктеріне сай жүзеге асатын маңызды құбылыс.

Сондай-ақ ағылшын тіліндегі сәлемдесулер тәулік уақытына байланысты қолданылады: *Good morning! Good afternoon!* Егер ертеректе дәстүрлі ағылшын тілінде күннің жартысынан кейін *Good afternoon!* тіркесін қолданса, соңғы кезде *Good day!* оралымы қайта күнделікті қолданысқа енді. Мысалы: *Good evening, my dear little lady, what a blessing to see your pretty blue eyes again.*

Сөз этикетінің ерекше саласы болып табылатын *қоштасу* да маңызды орын алады. Оны дербес сала деп айту себебі, оның өз мақсаттары мен қолданылатын тілдік белгілері бар.

## 2-кесте. Қазақ тіліндегі қоштасу үлгілері

Сау болыңыз! Сау боп тұрғыңыз! Қош болыңыз! Кездескенше! Көріскенше!	Күнделікті қолданыстағы, бейтарап мағынаны білдіреді
Ал жақсы! Әзірге, әзірше!	Бейресми, көбіне қарапайым сөйлеу тілінде қолданылады

<p>Көріскенше күн жақсы!                  Келесі кездескенше!                  Аман барып, сау қайтыңыз!                  Сәт сапар!                  Ақ жол, амандық болсын!                  Жолың болсын!</p>	<p>Бейресми, алыс сапарға аттанарда қолданылады</p>
--	---

Этикет заңдарына сәйкес, амандасу екі жақты байланыстың басталғанын білдірсе, қоштасу байланыстың уақытша үзілгенін білдіреді. Қазақ тілінде қоштасу сөздерінің көп түрі мен бай қоры бар. Ал ағылшын тіліндегі қоштасу үлгілерінің өзіндік ерекшеліктері бар. Келесі кестеде *ағылшын тілінде* қолданылатын қоштасу үлгілері көрсетілген:

### 3-кесте. Ағылшын тіліндегі қоштасу үлгілері

<p>See you soon!                  Till we meet again!                  See you!</p>	<p>Күнделікті қолданыстағы, стилистикалық жағынан бейтарап мағынаны білдіреді</p>
<p>All the best!                  Good bye! Take care! God bless you!                  Good luck!</p>	<p>Бейресми, көбіне қарапайым сөйлеу тілінде қолданылады</p>
<p>I'm afraid it's time I was saying goodbye!                  May I thank you and say goodbye!</p>	<p>Қоштасудың стилистикалық жағынан жоғары формалары</p>
<p>Keep in touch.                  Farewell.                  See ya.                  Gotta bounce.                  Bye!                  Ciao!</p>	<p>Қоштасудың заманауи формалары</p>
<p>Happy journey!                  Bon voyage!                  Have a nice trip!                  A pleasant journey!</p>	<p>Алыс сапарға аттанарда қолданылады</p>

Ағылшын тіліндегі қоштасу үлгілерін айтылу мақсатына қарай келесідей бөлуге болады: қоштасу-алғыс білдіру – *“Good-bye, Mrs. Ape, and thank you for everything”*; қоштасу-тілек – *“Good-bye, kids, have a good time”*; қоштасу-кеңес – *“Good bye. Take care of yourself”*.

Қазақ тілінде байланыстың уақытша үзілуін *Сау бол! Сау болыңыз! Сау сәлемет болыңыз!* тіркестері арқылы білдірсе, ағылшын тілінде *Bye! See you then!* қоштасу фразалары арқылы беріледі. Ал *Good bye* тіркесі бүгінгі таңда ауызекі тілде сирек қолданылып, «мәңгіге сау бол» мағынасына ауысқан:

*“Good –bye, Emily”.*

*“Why so? I thought we were going to meet tomorrow”.*

*“Yes, of course”.*

*“Why good-bye then?”*

*“What is wrong with it?”*

*“Never say it again. It sounds so sad. It means for ever.”*

Ал қысқаша үзілісті білдіретін «Қайта көріскенше!» тіркесі ағылшынның *Good see you soon! See you later!* тіркестеріне сәйкес келеді. Сондай-ақ, қазақ тілінде «Бақытты болыңыз», «Ақ жол болсын», «Сапарыңыз сәтті болсын!», ағылшын тіліндегі «*Good luck*», «*Happy journey*», «*Bon voyage!*» бейресми жағдайда қоштасуды білдіреді.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың түрлері мен жағдайлары әр алуан дедік. Күнделікті қарым-қатынаста *өтініш, тілек білдіру, қолқа салу* да жиі кездеседі. Бұндай сөздердің жиынтығы – қазақ сөз этикетінің өтіну үлгілерін құрайды.

Адресант өзінің талап-тілегін білдірмес бұрын «*мүмкін болса*», «*рұқсат болса*», «*рұқсат етсеңіз*», «*айып етпеңіз*», «*айып-шамы болмаса*», «*айып көрмеңіз*», «*айып болмаса*», «*рақым етіңіз*» және т.б. сөз оралымдарын қолдануы мүмкін. Мұндай қыстырмалар сөзге сыпайылық үстеу үшін арнайы жұмсалады.

Қазақ тіліндегі сөз этикеті қорындағы бұл сөздердің өзіндік жұмсалу жүйесі бар. Олар негізінен адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынастың түріне қарай, кім+кімнен; нақты жағдайға қарай, кім+қай жерде деген формулаға сәйкес жұмсалады. Мысалы, «*Мүмкін болса*», «*Айып етпеңіз*», «*Мүмкін деп тапсаңыз*», «*Қолайлы деп білсеңіз*», «*Қиын болмаса*», «*Қажет деп білсеңіз*», «*Қажет деп тапсаңыз*» тәрізділер, біріншіден бейтарап жағдайда бейтаныс немесе аса етене жақын емес адамдардың қарым-қатынасында, әсіресе зиялы қауым арасында қолданылады. Сондай-ақ бұл сөздер ресми жағдайда жиі жұмсалып, контекстің ыңғайына қарай сөзге ресми сипат үстейді.

Ағылшын тілінде өтініш мәнін білдіретін құрылымдар бұйрық райлы етістік пен «өтінем» сөзі арқылы жасалады: «*Please give me...*», «*Would/Could you give me/ Let me have*»; стилистикалық жағынан жоғары, анағұрлым сыпайы формалары: «*Could you possibly give me*», «*Can/May I trouble you for sth. I to give/ hand me...please?*», «*Could you do me a favour and give me/ let me have...please?*»; «*алу*» модальді етістігімен жасалған сұраулы сөйлем түрінде берілген құрылымдар: «*Could I ask you to do sth.?*», «*May I ask you to do sth.?*», «*Would you please/ kindly do sth.?*», «*Could you possibly do sth.?*», «*I'd be much obliged if...*»; рұқсат сұрау формасында берілген құрылымдар: «*May I...?*», «*Can I...?*», «*Do you mind if I...?*».

Ағылшын тілінде адамдар арасындағы қарым-қатынас сыпайылықтың үш деңгейінде жүзеге асырылады: *ресми, бейресми және бейтарап*. Әрбір сыпайылық деңгейі өзінің сөйлеу мәнеріне сәйкес келеді, сондықтан барлық сыпайы сөздер мен сөз тіркестері стилистикалық тұрғыдан осы үш топқа бөлінеді [14, 3].

Ресми сыпайылық деңгейінде қарым-қатынас әдетте ресми жағдайда жүзеге асады, мұнда әңгіменің қатысушыларының жасы мен жеке қасиеттерінен гөрі, олардың әлеуметтік жағдайы мен лауазымдары маңызды болады. Бұл деңгей әсіресе мекемелерде, іскерлік топтарда, білім беру, денсаулық сақтау және қызмет көрсету салаларында жиі кездеседі.

Бейтарап сыпайылық деңгейінде бейтаныс адамдар мен ресми қатынастарға жатпайтын тұлғалар арасындағы қарым-қатынас жүзеге асырылады. Ал бейресми сыпайылық деңгейі көбінесе отбасылық, туыстық ортада, достар мен жақын таныстар арасындағы қарым-қатынасқа тән болады. Мысалы, ағылшындар достарынан уақыт сұраған кезде, олар сыпайы түрде былайша сұрайды:

*What time is it, Tom? немесе What is the time?* – дейді. Мұндағы «*What time is it? What is the time*» сұрақтары сыпайылықтың бейресми деңгейінде – отбасында, туыстық ортада, достар арасында орынды болып саналады. Егер сыпайылықтың бейтарап деңгейінде осы сұрақты досына емес, бейтаныс адамға қоятын болса, онда «*What time is it?*» сұрағы дәрекілікке саналады. Кездейсоқ бейтаныс адамға сұрақ сыпайы түрде қойылуы керек:

*Excuse me, could you tell me the time, please?*

Аталған сұрақ бейтарап деңгейге тән және бейтаныс адамдар арасында қолдануы орынды, алайда сыпайылықтың бейресми деңгейінде «*Excuse me, could you tell me the time, please?*» сұрағы жасанды болып көрінуі мүмкін [15, 19].

Сонымен қатар, шындық өмірде айтылған өтініш, талапты адресаттың барлық жағдайда орындамауы немесе орындауға қарсы болуы мүмкін. Бірақ қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де этикет ережесі бойынша, бұндай жағдайда қарсылық білдірудің өзіндік тәртібі бар. Адресат әдетте «*болмайды*», «*жоқ*» деп түйеден түскендей етіп нақтысын айтпайды. Сол үшін де сөзге сыпайылық берудің өзіндік жолдарын іздестіре бастайды. Тіліміздегі мұндай жағдайда қолданылатын қалыпты сөз орамдары мыналар: «*Уақытым*

болмай тұрғаны», «Мүмкін болмай тұр», «Реті келмей тұр», «Бар болса бұйырмасын», «Садағаң кетейін», ал ағылшын тілінде сыпайы бас тарту үлгілеріне «I'm sorry, I'm afraid», «Unfortunately», «I'd be delighted... but I can't», «With pleasure...but I can't» жатады. Аталған мысалдардан көріп отырғанымыздай, бұндай дәстүрлі сөз қалпынан соң бірден кілт тілдесу әктісі үзіліп қалмайды. Ал диалогта «жоқ» немесе «болмайды» деу әктінің бірден, аяқ асты үзіліп қалуына алып келеді.

Қазақ халқының сөйлеу этикетінде ерекше орын алатын, көне ұлттық этикеттің бірі – бата-тілек. Бата сөзі екі мағынада қолданылады: біріншіден, ол халық шығармаларының көркем тілін білдіретін сөз үлгісі болса, екіншіден, ол тәрбиелік мәні бар көне мұралардың бірі болып табылады. Көптеген салт-дәстүрдің өзіндік орындалу рәсімі яғни белгілі бір жүйеге бағынған іс-әрекеттері болады. Бата берудің де өзіндік рәсімі, жүйесі, шарттары бар. Бата беретін адамды батагөй деп атайды. Батагөй ел-жұртқа сыйлы, қарындасқа қадірменді аузы дуалы адам болуға тиіс, жолы жағынан ондай адаммен ешкім таласпайды. Қазақта күйеуге бата бергізбейді. Яғни туыстық қарым-қатынасқа да көңіл бөледі. Батаның ішіндегі кең тараған түрі – ас қайыру батасы. Бата сөзінде дастархан иесіне, сол үйдің шаңырағына жақсы тілектер айтылған:

*Ас бергенге бас берсін,  
Өмірі ұзақ жас берсін.  
Кетпес дәулет, кең пейіл,  
Қайырымды дос берсін [16].*

Бата мен тілек мәніндегі сөздер әдетте жақсы ниетпен, оң эмоциялармен айтылады. Қазақ тілінде күнделікті қарым-қатынаста «еңбегің жемісті болсын», «өркенің өссін», «көп жаса», «көсеген көгерсін», «жасың ұзақ болғай» сияқты ізгі тілектер жиі айтылады. Оның ішінде құттықтау тілектерді де бөліп қарастыруға болады. Себебі қазақ – тойшыл халық, тыныс-тіршілігіндегі жақсылықтың барлығын ағайын, туыспен тойлауды жөн санайтын жомарт халық. Құттықтау тілектері той-тобырдың мақсатына қарай түрленіп отырады [17, 24]. Мысалы: Сәбидің дүниеге келуіне байланысты «Нәрестенің бауы берік болсын!», «Жамбылдың жасын берсін!», «Сәкеннің сәнін берсін», «Күләштің әнін берсін!», жаңа пәтерге орналасқан ағайынға «Қоныс құтты болсын», «Іші жанға, сырты малға толсын», «Қоныс жайлы болсын», «Босағаң берік болсын», үйлену тойына қатысты «Торқалы той құтты болсын!», «Босағаларың берік, шаңырақтарың биік, керегелерің кең болсын!», «Қуаныш ұзағынан болсын!» деген сынды тілектер айтылады.

Құттықтау себептеріне қатысты ағылшын дәстүрі айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Ағылшын сөйлеу этикетінде құттықтау сөздері тек неке қию, туған күн, спорттық жарыстарда жеңіске жету сияқты және басқа да отбасылық немесе жеке себептерге байланысты айтылады. Ағылшындар бір-бірін ресми мерекелермен (Тәуелсіздік күні, Патшайымның туған күні және т.б.) құттықтамайды. Әдетте Рождествода, Жаңа жылда да құттықтау-тілектерімен алмасады: *Merry Christmas! Happy new year! A very Happy new year!*

#### 4-кесте. Ағылшын этикетіндегі құттықтау үлгілері

Congratulations! Congratulations on your success	Жиі қолданылатын құттықтау сөздері
Happy birthday! Many happy returns of the day! My congratulations on your wedding anniversary! Let me congratulate you on the birth on your child!	Отбасылық мерекемен құттықтау сөздері
I hear you've defended your thesis. You've finished school. Congratulations! Congratulations on your lucky win! Congratulations on your good luck!	Қандай да бір маңызды істі аяқтағанда айтылатын құттықтау сөздері



Қай халықтың дәстүрінде болмасын бақытсыздыққа ұшыраған адамға көңіл айту салтының болатыны белгілі. Бірақ әр халықтың қалыптасқан дәстүрі, өзіндік салты, рәсімі болады. Қазақтың көне салт-дәстүрі бойынша, жеке адамның немесе тұтас елдің басына келген ауыр қайғы мен қазаны жанашыр жақындарына өлең, тұспал сөздер немесе күй арқылы баяу естірткен. Естірту мен көңіл айту үшін әртүрлі шығармалар туындаған. Қазаны естіртуші адам өз ойын жұмбақтап, ишаратпен немесе салыстырулар арқылы өлімнің табиғи заңдылық екенін және оның болатынын біртіндеп түсіндіреді.

Естіртудің соңы үнемі жұбатуға, көңіл айтуға ұласады. Қазаны естірте отырып, адамды сабырға шақырудың өзі табиғи дүние болса керек. Демек, естірту қазаны хабарлап, құлақтандырса, көңіл айтуда аты айтып тұрғандай қайғылы адамды жұбатады, қайғысын бірге бөліседі, сабырға шақырып, тоқтам айтады.

Қазақ және ағылшын тіліндегі көңіл айтуда қолданылатын сөз орамдары кесте түрінде былайша өрбиді.

### 5-кесте. Қазақ-ағылшын тілдеріндегі көңіл айту үлгілері

Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
Сабыр етіңіз; сабыр сақтаңыз; Уайымдай бермеңіз, уайым жемеңіз; Болған іске болаттай болыңыз; Бекем болыңыз!	Keep your chin up; Cheer up. Chin up; Crying. Won't help; Don't be shy. Courage; Take care of yourself.
Жаны пейіште шалқысын; Қазаның арты қайырлы болсын; Жасамаған жасын, көрмеген қызығын артындағы ұрпағына берсін; Қайтқанның иманы сәлемет болсын! Топырағы торқа болсын! Жаны жаннатта болсын! Иманы саламат болсын! Алланың шапағатына бөленсін! Алдынан жарылқасын! Алла сабыр берсін! Өмірден өткен жан имаңды болсын, топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын! Амал дәптері оң жағынан ашылсын!	Take my sincere condolence. I condole with your grief. Take my sympathy for your distress.

Қазақ салтында қазалы болған адамға көңіл білдірмеу – білімсіздік, әдепсіздік, әбестік болады. Сондықтан да арнайы келіп көңіл айту – жақын-жуықтың адамдық парызы болып табылады. Ал түрлі себептермен келе алмаған көңілі жақын адамдар кезіккен жерде «*Көрген жерде көңіл бар*» деп көңіл білдіріп жатады.

Ал ағылшындарда XVII ғасырдан бері қиындыққа душар болған немесе туысы қаза болған кісіге көңіл айту хатын жазу дәстүрі сақталған. Хат мәтінінде қаза болған кісінің туыстарына жұбату сөздері мен қаза болған кісінің жақсылығы туралы жазылады. Мысалы: «*Dear Mr. and Mrs. Jones. I am truly saddened by Jony's death. I would like to send my condolences regarding the death of your grandpa. He will long be remembered as the hardworking, intelligent and loving man that he was. May God bless and comfort you and your family at this time. With sympathy, Christine Archibald*» [18, 28].

Қазақ халқында қайғыға душар болған адамды жұбатуда, көңіл айтуда, жанашырлық, қайғы-қасіретті бөлісуді талап ететін өмірлік қиын жағдайларда «*Сабыр ет*», «*Бекем бол*», «*Өлгеннің артынан өлмек жоқ*», «*Анат айтып келмейді*», «*Аяғы жақсы болсын*», «*Амал нешік?*», «*Амал бар ма?*» «*Қам жеме*» сияқты этикеттік сөз орамдары жиі қолданылады.

Сол сияқты, ағылшындар да қайғыға берілмеуін тілейді: «*I've hurt my finger. - Never mind, I'll kiss it better. Sorry to hear you've failed your exam again, Sarah, but that's the way the cookie crumbles*». Оларда «*Keep smiling!*» тіркесі бар, ол «*Күлімде!*» деген мағынаны білдіреді, және қанша жерден қайғылы оқиға орын алса да, сыр білдірмеуді, ішін жылап тұрса да, күліп жүруді меңзейді. Мысалы: *Whatever troubles you may be going through, remember, "Keep smiling!"*. «*Keep smiling!*» тіркесіне сәйкес сәттілік философиясы қалыптасқан. Англияда басқаларға жолы болмайтын, кедей адамдарға қарағанда табысты, жеңімпаз адамдар маңыздырақ, оларға сенім артуға болады деп ойлайды, басыңызға күн туса да, бақытсыз екеніңізді білдірмеңіз. Әдетте біз қайғымызбен жақын адамдарымызбен, достарымызбен бөлісетін болсақ, ағылшындарға ондай мінез-құлық тән емес, олар керісінше ешкімге сыр білдірмеуге тырысады. Осыған ұқсас «*Еңсеңді түсірме!*» мағынасындағы «*(Keep your) chin up*» тіркесі де кең тараған.

Осылайша, жүргізілген зерттеу нәтижесі сөйлеу этикеті тұлғааралық қарым-қатынастың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын көрсетті, оның ережелері мен нормаларын сақтау қазіргі мәдениетаралық коммуникацияның талабы болып табылады. Оны зерттеудің өзектілігі, өз кезегінде, қазіргі көпмәдениетті қоғамда бұрын-соңды болмаған маңыздылыққа ие болады.

### Қорытынды

Сөз этикеті – адамдар арасындағы қарым-қатынасты орнату және оны жалғастыру үшін қолданылатын, ұлттық ерекшеліктері бар, уақыт өте келе стереотипке айналған сөздер мен тұрақты сөз тіркестері. Адамдардың қарым-қатынасында қайталанып отыратын және жиі қолданылатын іс-әрекеттердің бірі – сөз этикеті. Осылайша, қарым-қатынас барысында сөздер бірнеше рет қайталанып, стандартқа, стереотипке айналып, тұрақтанады.

Зерттеу жұмысымызда қазақ және ағылшын тұрмыстық этикетінің үрдістері негізінен әмбебап болатынына көз жеткіздік. Сәйкесінше, олардың кейбіреулері этикеттік қарым-қатынастың қарапайым жағдайларына тән.

Сәлемдесуде қолданылатын сөз орамдары арқылы екі тілдің лингвомәдени ерекшеліктері анықталды. Қазақ сөз этикетінде сәлемдесу айнымас қағидаларға негізделсе, ағылшын сәлемдесуі заман ағымына қарай өзгеріп, өзіндік сипат алатыны байқалды.

Екі тіл үшін де күнделікті тұрмыста *қоштасу* дәстүрлі формулаларды жаңа этикеттік мінез-құлық үлгілерімен алмастырудан көрінеді, бірақ қазақ тілінде бейтаныс сұхбаттасушылар арасында неғұрлым салқын, стандартты қоштасу үлгілерін қолдануға басымдық берілетіні анықталды.

*Құттықтау* қарым-қатынастың ерекше жағдайларында пайда болады; қазақ және ағылшын тілінің лингвомәдени ерекшеліктеріне сәйкес тілектер мен құттықтауларды әмбебап деп атауға болмайды, себебі әртүрлі мәдениеттерде құндылықтар да әртүрлі болуы мүмкін.

Зерттеу нәтижесінде қазақ тілінде үлкенді «сіз», кішіні «сен» деп сыйлайтыны, ал ағылшын тілінде үлкенге де, кішіге де «сен» мағынасындағы «you» формасы жұмсалатыны, сондай-ақ, сәлемдесу барысында қазақтар адамның тек өзі емес, оның үй іші, бала-шағасы мен малының амандығын қосып сұрайтыны, ал ағылшын тілінде қысқаша «How are you?»-мен шектелетіні анықталды.

Сонымен қатар екі тілдің сөйлеу этикетіндегі *өтініш, тілек білдіру, қолқа салу* үлгілері де өзіндік маңызға ие. Ағылшын мәдениетінде аталған үлгілер сыпайылық деңгейіне қарай әртүрлі жұмсалса, қазақ қоғамында адресант пен адресат арасындағы коммуникацияның даму өрісіне қарай өзгеріп отыратыны анықталды.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі сөйлеу этикетін зерттеу аталған тілдердегі лингвомәдени ерекшеліктерді айқындаумен шектелмей, екі тілге ортақ дискурс түрлеріндегі (саяси, педагогикалық, құқықтық, жарнамалық) мінез-құлық үлгілерінің әлеуметтік-лингвистикалық сипаттамаларының анықталуымен де құнды болмақ. Бұл өз кезегінде қазақ сөз этикеті теориясын жаңа ғылыми тұжырымдармен толықтырады.

## Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

## Авторлардың қосқан үлесі

Н. Абдығалиева материалдарды жинақтау, мақала мазмұнын мен негізгі бөлімін жазды, мақаланы рәсімдеумен айналысты. Г. Смағұлова мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, түзетулер мен қосымшалар енгізді. А. Иргатоғлу мақаланың талқылау жұмыстарына үлес қосып отырды. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

## Әдебиеттер тізімі

1. Артёмова А. Ф., Леонович Е. О. Формы обращения в английском языке // Иностранные языки в школе. – 2019. – №5. – С. 160-163.
2. Formanovskaya N.I. Communication theory and speech etiquette // Russian language abroad. – 2010. – Vol.1 (218). – 185-193 p.
3. Радлов В.В. Из Сибири: страницы дневника. – Москва: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1989. – 749 с.
4. Самойлович А.Н. Запретные слова в языке казак-киргизской замужней женщины: (Посвящается памяти В.И. Ламанского) // Живая старина. Вып. 1/2. – 1915. – С. 161-168.
5. Балақаев М. Қазақ тілінің мәдениеті: оқулық / М. Балақаев, М. Серғалиев. – Алматы: Зият-Пресс, 2004. – 139 б.
6. Сыздық О. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
7. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 118 б.
8. Қапалбекова Г. Ұлттық этикет. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2013. – 160 б.
9. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият-Пресс, 2004. – 114 б.
10. Searle John R. A Classification of Illocutionary Acts // Language in Society. – 1976. – Vol. 5. No. 1. – Pp. 1–23.
11. Пальмер Г. Устный метод обучения иностранным языкам. – Москва: Учпедгиз, 1960. – 165 с.
12. Сатина Т.В. Характерные черты речевого этикета английской и французской лингвокультур // Мир науки, культуры, образования. – 2024. – № 2 (105). – 415с.
13. Sanaeva I.V. Speech etiquette in the sphere of cross-cultural communication // Interactive science. – 2018. – № 4 (26). – 190 p. URL: doi.org/10.21661/r-470462
14. Fomina O., Potanina O. Etiquette failure of the speech as a linguoecological problem // E3S Web of Conferences. – 2020. – Vol. 2 (10). – 389 p. DOI: https://doi.org/10.1051/e3sconf/202021016007
15. Tella D.M, Miti F., Ardito R.B., Adenzato M. Social cognition and sex: Are men and women really different? // Personality and Individual Differences. – 2020. – Volume 162. DOI: https://doi.org/10.1016/j.paid.2020.110045.
16. Дастарханға берілетін баталар, 17.02.2014 – [Электрон. ресурс] – URL: https://on.kz/culture/bata-49301/
17. Абдыханова, Б., Аккалиева, А., Койлыбаева, А. Ұлттық тілдік ұстанымдар бала тәрбиесі негізі ретінде // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. –2024. – 146(1). – 204 б. DOI: https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-22-32
18. Дроздова Е.А. Речевой этикет: понятие, сравнение границ явления в английском и русском языках // Научный результат. Вопросы теоретической и прикладной лингвистики. – 2020. – Т.6, №3. – 127 с. DOI: 10.18413/2313-8912-2020-6-3-0-2

Н.Н. Абдығалиева\*<sup>1</sup>, Г.Н. Смагулова<sup>2</sup>, А. Иргатоғлу<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> Қазақстан Республикасының ұлт-тарихи ғылымдар академиясы, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup> Университет Хаджи Байрама вели, Анкара, Түркия

### Этнолингвокультурные особенности речевого этикета в казахском и английском языках

**Аннотация.** Статья посвящена выявлению лингвокультурных особенностей речевого этикета на казахском и английском языках. Речевой этикет составляют стереотипные языковые формулы, используемые в речевом акте, а при необходимости и в общении.

Цель исследования – выявление этнолингвокультурных особенностей формул речевого этикета на казахском и английском языках. Для реализации данной цели были отобраны и проанализированы образцы этикетных единиц на казахском и английском языках – приветствия, прощания, соболезнования, поздравления и пожелания, обращения в соответствии с характером применения, этнолингвокультурологическим характером.

На основе рациональных методов и приемов, использованных в исследовании, доказано, что образцы приветствия и прощания в казахском языке основаны на этническом познании. Также было определено, что в казахском приветствии одна диалогическая реплика состоит из нескольких предложений. Это отражает национальную этноментальную специфику. Образец приветствия в английском этикете – короткие, сжатые и вопросительные предложения, соответствующие этнокультурной специфике нации.

Было обнаружено, что в речевом этикете обоих языков часто используются образцы прощания, и их место является постоянным, а типы многочисленны. Определена и систематизирована тематическая группа образцов прощания в английском этикете. Проанализированы особенности в образцах приветствия и обращения, проанализированы виды уровня вежливости в английском этикете на основе конкретных примеров.

Теоретическое значение исследования заключается в том, что исследование способствует развитию сравнительной лингвокультурологии, теории межкультурной коммуникации и лингвопрагматики, уточнению и описанию понятия «этикетная модель поведения».

Практическая значимость работы состоит в возможности использования полученных результатов на курсах общего языкознания, межкультурной коммуникации, лексикологии и стилистики английского и казахского языков, специальных курсах по лингвокультурологии и прагмалингвистике, практике преподавания английского и казахского языков как иностранного.

**Ключевые слова:** культура языка, речевой этикет, казахский язык, английский язык, коммуникация.

N.N. Abdygalieva\*<sup>1</sup>, G.N. Smagulova<sup>2</sup>, A. Irgatoglu<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> Haci Bayram Veli University, Ankara, Turkey

### Ethno-linguocultural features of speech etiquette in Kazakh and English languages

**Abstract.** The article is devoted to the identification of linguocultural features of speech etiquette in Kazakh and English languages. Speech etiquette consists of stereotypical language formulas used in a speech act and, if necessary, in communication.

The aim of the study is to identify ethno-linguistic and linguocultural features of speech etiquette formulas in Kazakh and English languages. To implement this goal, samples of etiquette units in Kazakh and English - greetings, farewells, salutations, condolences, congratulations and wishes, addresses - were selected and analysed according to the nature of application, ethno-linguo-cultural character.

Based on the rational methods and techniques used in the study, it has been proved that the patterns of greeting and farewell in Kazakh are based on ethnic cognition. It was also determined that in Kazakh greeting one dialogue rejoinder consists of several sentences. This reflects the national

ethnomental specificity. In contrast, the pattern of greetings in English etiquette is short, concise and interrogative sentences corresponding to the ethnocultural specificity of the nation.

It was found that farewell patterns are frequently used in the speech etiquette of both languages and their place is constant and the types are numerous. The thematic group of farewell patterns in English etiquette is defined and systematised. The features in the greeting and address patterns are analysed, and the types of politeness level in English etiquette are analysed on the basis of specific examples.

The theoretical significance of the study lies in the fact that the research contributes to the development of comparative linguocultural studies, the theory of intercultural communication and linguopragmatics, clarification and description of the concept of 'etiquette model of behaviour'.

Practical significance of the work consists in the possibility of using the obtained results in the courses of general linguistics, intercultural communication, lexicology and stylistics of English and Kazakh languages, special courses on linguoculturology and pragmalinguistics, practice of teaching English and Kazakh as a foreign language.

**Keywords:** language culture, speech etiquette, Kazakh language, English language, communication.

## References

1. Artemova A. F., Leonovich E. O. Formy obraşeniya v anglijskom iazyke [Forms of treatment in English]. *Inostrannyye yazyki v shkole*, №5, 160-163 (2019) [in Russian]
2. Formanovskaya N.I. Communication theory and speech etiquette. *Russian language abroad*, Vol.1(218), 185-193 (2010).
3. Radlov V.V. Iz Sibiri: stranicy dnevnika [From Siberia: pages of a diary]. – M.: Nauka, Glavnaya redakciya vostochnoi literatury, 749 (1989) [in Russian]
4. Samoilovich A.N. Zapretnyye slova v yazyke kazak-kirgizskoi zamuzhnei zhenshhiny: (Posvyashhaetsya pamyati V.I. Lamanskogo) [Forbidden words in the language of Cossack-Kyrgyz married women: (Dedicated to the memory of V.I. Lamansky)] // *Zhivaya Starina*, Issue 1/2, 161-168 (1915) [in Russian]
5. Balakaev M. Kazak tilinin madenieti: okulyk [Culture of the Kazakh language: textbook] (Ziyat-Press, Almaty, 2004, 139) [in Kazakh]
6. Syzdyk R. Soz qudireti [The power of the word] (Sanat, Almaty, 1997, 224) [in Kazakh]
7. Ualiyev N. Soz madenieti [Word culture] (Mektep, Almaty, 1984, 118 p.) [in Kazakh]
8. Kapalbekova G. Ul'tyik etiket [National etiquette] (Memlekettik tildi damytu instituty, Almaty, 2013, 160 p.) [in Kazakh]
9. Balakaev M., Sergaliev M. Kazak tilinin madenieti [Culture of the Kazakh language] (Ziat-Pres, Almaty, 2004, 114) [in Kazakh]
10. Searle John R. A Classification of Illocutionary Acts. *Language in Society*, Vol. 5, No. 1, 1-23 (1976).
11. Palmer G. Ustnyi metod obucheniya inostrannym yazykam [Oral method of teaching foreign languages] (Uchpedgiz, Moscow, 1960, 165 p.) [in Russian]
12. Satina T.V. Harakternye cherty rechevogo etiketa angliskoi i fransuskoi lingvokultur [Characteristic features of the speech etiquette of the English and French linguistic cultures]. *Mir nauki, kulture, obrazovaniya*, № 2 (105), 400-415 (2024) [in Russian]
13. Sanaeva I.V. Speech etiquette in the sphere of cross-cultural communication. *Interactive science*, №4 (26), 180-190 (2018). DOI: doi.org/10.21661/r-470462
14. Fomina O., Potanina O. Etiquette failure of the speech as a linguoecological problem. *E3S Web of Conferences*, Vol. 210, 1-6 (2020). DOI: https://doi.org/10.1051/e3sconf/202021016007
15. Tella D. M , Miti F., Ardito R.B. , Adenzato M. Social cognition and sex: Are men and women really different? *Personality and Individual Differences*, Vol.162, 2020. DOI: https://doi.org/10.1016/j.paid.2020.110045
16. Dastarkhanga beriletin batalar [Blessings for the table], 17.02.2014 – [Electron. resource] – URL: https://on.kz/culture/bata-49301/ [in Kazakh]

17. Abdykhanova B., Akkalyieva A., Koilybaeva A. Linguistic Affirmations as a basis in Children's Education. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 146(1), 22-32 (2024). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-146-1-22-32> [in Kazakh]

18. Drozdova E.A. Rechevoi etiket: ponätie, sravnenie granis iavlenia v angliskom i ruskom iazykah [Speech etiquette: the concept, comparison of the boundaries of the phenomenon in English and Russian]. Nauchnyi rezultat. Voprosy teoriticheskoi i prikladnoi lingvistiki, T.6, №3, 127 (2020). DOI: 10.18413/2313-8912-2020-6-3-0-2 [in Russian]

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Абдығалиева Н.Н.** – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: [myworld.kzt@mail.ru](mailto:myworld.kzt@mail.ru), ORCID: 0000-0001-5591-8271.

**Смағұлова Г.Н.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: [smagulova.g@mail.ru](mailto:smagulova.g@mail.ru), ORCID: 0000-0002-4582-2281.

**Иргатоғлу А.** – PhD, қауымдастырылған профессор, Қажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия. E-mail: [aydan.irgatoglu@hbv.edu.tr](mailto:aydan.irgatoglu@hbv.edu.tr), ORCID: 0000-0002-0773-4619.

**Абдығалиева Н.Н.** – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: [myworld.kzt@mail.ru](mailto:myworld.kzt@mail.ru), ORCID: 0000-0001-5591-8271.

**Смағұлова Г.Н.** – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. E-mail: [smagulova.g@mail.ru](mailto:smagulova.g@mail.ru), ORCID: 0000-0002-4582-2281.

**Иргатоғлу А.** – PhD, ассоциированный профессор, Университет Хаджи Байрама Вели, Анкара, Турция. E-mail: [aydan.irgatoglu@hbv.edu.tr](mailto:aydan.irgatoglu@hbv.edu.tr), ORCID: 0000-0002-0773-4619.

**Abdygalieva N.N.** – corresponding author, PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [myworld.kzt@mail.ru](mailto:myworld.kzt@mail.ru), ORCID: 0000-0001-5591-8271.

**Smagulova G.N.** – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [smagulova.g@mail.ru](mailto:smagulova.g@mail.ru), ORCID: 0000-0002-4582-2281.

**Irgatoglu A.** – PhD, Associate Professor, Haci Bayram Veli University, Ankara, Turkey. E-mail: [aydan.irgatoglu@hbv.edu.tr](mailto:aydan.irgatoglu@hbv.edu.tr), ORCID: 0000-0002-0773-4619.



**Copyright:** © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).